

**Маңғыстау облысының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді және медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы**

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2020 жылғы 28 тамыздағы № 37/446 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қыркүйекте № 4278 болып тіркелді.

Маңғыстау облысының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді және медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 16.02.2026 № 25/295 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

**1. Осы шешімге 1 қосымшаға сәйкес Маңғыстау облысының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, арнайы емдік өнімдер және медициналық бұйымдар қосымша берілсін.**

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 16.02.2026 № 25/295 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ә.Қ. Дауылбаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы  
Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы

Д. Клинчев  
Н. Тумышев  
Маңғыстау облыстық мәслихатының  
2020 жылғы 28 тамыздағы  
№ 37/446 шешіміне  
1-қосымша

**Маңғыстау облысында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы тізбесі**

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 16.02.2026 № 25/295 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

№	Аурулардың атауы	Халықтың санаты	Дәрілік заттарды тағайындау үшін көрсетілімдер (дәрежесі, сатысы, ағымының ауырлығы)	Дәрілік заттардың (дәрілік нысан), арнайы емдік өнімдердің және медициналық бұйымдардың атауы
1	2	3	4	5
1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар				
1	Ювенильді артрит	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Тоцилизумаб
				Канакинумаб
				Адалимумаб
				Тофацитиниб
				Анакинра
2	Дәнекер тінінің жүйелік аурулары, неврологиялық аурулар, Девик ауруы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Голимумаб
				Ритуксимаб
3	Буллалы эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Белимумаб
				Құрамында күміс сульфотиазолы бар крем, сыртқа қолдануға арналған крем
				Декспантенол 5%, сыртқа қолдануға арналған крем

		азаматтардың барлық санаттары		Декспантенол 5%, сыртқа қолдануға арналған жақпамай Хлоргексидин, ерітінді
4	Көмей стенозы, созылмалы канюльтасығыш	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Будесонид, ингаляцияға арналған дозаланған ұнтақ Фенотерол мен Ипратропий бромиді, ингаляцияға арналған ерітінді/дозаланған ингаляцияға арналған аэрозоль Ацетилцистеин, ішуге арналған ерітінді
5	Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	3-тен 4-ке ауысу сатысына	А м и н кышқылдарының кетоаналогтары, таблеткалар
6	Онкологиялық аурулар	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Олапариб Денозумаб Полатузумаб ведотин Кабозантиниб Ниволумаб Трастузумаб дерукстекан Бригатиниб Лорлатиниб
7	Жоғары өкпе гипертензиясы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Мацитентан Селексипаг Риоцигуат
8	Ағзалар мен тіндерді ауыстырып салудан кейінгі жағдайлар	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар дәрежесі	Флуконазол, капсула Итраконазол, капсула Эверолимус
9	Гомоцистинурия	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық және ауырлық дәрежесі	Бетаин

10	Псориаз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Секукинумаб
		Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Устекинумаб
11	Кистозды фиброз (Муковисцидоз)	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Пульмозим* (Дорназа альфа дженериктеріне дәлелденген төзімсіздік болған жағдайда)
				Элексакафтор/ Тезакафтор/ Ивакафтор
12	Миастения	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Равулизумаб
				Азатиоприн
				Циклоспорин
13	Бронх өкпе дисплазиясы	2 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Паливизумаб
14	Анкилозды спондилит	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Секукинумаб
15	Крон ауруы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Инфликсимаб
16	Тұқым қуалайтын ангионевротикалық ісіну	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Ланаделумаб
				1С-эстераза тежеушісі
17	Стилл ауруы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Канакинумаб
18	Гиперинсулинизм	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Октреотид
19	Идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Ромиплостим
		Диспансерлік есепте тұрған 18		Омализумаб

20	Бронх демікпесі	жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Тезепелумаб
21	Ревматоидті артрит	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Этанерцепт
22	Жұлын бұлшықет атрофиясы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Рисдиплам
23	Гипофосфатемиялық рахит	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Буросумаб
24	Ахондроплазия	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Восоритид
25	Нейрофиброматоз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Селуметиниб
26	Онкогематологиялық және гематологиялық аурулар	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Третиноин
				Мидостаурин
				Венетоклакс
				Помалидомид
27	Жүйелік склероз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Микофеноловая кислота
				Микофенолат мофетил
2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық бұйымдар				
				Күмісі бар майланған таңғыш
				Фармпрепаратсыз таңғыш
				Стерильді таңғыш
				Абсорбциялайтын стерильді таңғыш
				Абсорбциялайтын таңғыш
				Бұласыр
				Гидротюль, гидроактивті майланған таңғыш
		Диспансерлік есепте тұрған		

1	Буллалы эпидермолиз	азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Перуан бальзамы бар майланған таңғыш Стерильді майлықтар Бекітетін созылмалы бинт Бекітетін бинт Торлы құбырлы бинт Жұмсақ стерильді емес мақталы бинт Хлорамфеникол негізіндегі стерильді таңғыш
2	Көмей стенозы, созылмалы каниольтасығыш	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Вакууммен басқарылатын аспирациялық катетер (қақырықтан тазарту үшін) Трахеостомия түтігі Трахеостоманы бекіту жолақтары Трахеостомиялық түтіктің астына салуға арналған майлықтар Дауыс клапандары Бір рет қолданатын Жанне шприцтері Жылу алмастырғыш Гастростомия түтігі (баланы тамақтандыру үшін) F-16 Трахеостомаға арналған бітегіш
3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі арнайы емдік өнімдер				
1	Буллалы эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Арнайы емдік тамақтану
2	Целиакия	Диспансерлік есепте тұрған 18		Глютенсыз арнайы ұн Глютенсіз кондитерлік өнімдер

		жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Глютенсіз макарондық өнімдер
3	Кистозды фиброз (Муковисцидоз)	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Арнайы емдік өнімдер
4	Акуыз-энергетикалық жеткіліксіздіктің 3 дәрежесі. Псевдобульбар синдромы бар гастростома/трахеостома тасымалдаушылары	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Арнайы емдік тамақтану

Маңғыстау облыстық мәслихатының  
2020 жылғы 28 тамыздағы  
№ 37/446 шешіміне  
2-қосымша

### **Маңғыстау облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 30 шілдедегі № 18/276 " Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2489 болып тіркелген, 2014 жылғы 11 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 22/358 " Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 30 шілдедегі № 18/276 "Амбулаторлық емдеу барысында азаматтардың жекелеген санаттарына дәрі-дәрмектерді қосымша тегін ұсыну туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" шешімі ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2656 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 сәуірде "Маңғыстау" газетінде жарияланған).

3. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2016 жылғы 14 қазандағы № 5/60 " Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 30 шілдедегі № 18/276 "Амбулаторлық емдеу барысында азаматтардың жекелеген санаттарына дәрі-дәрмектерді қосымша тегін ұсыну туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3167 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 32/388 " Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 30 шілдедегі № 18/276 "

Амбулаториялық емдеу барысында азаматтардың жекелеген санаттарына дәрі-дәрмектерді қосымша тегін ұсыну туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4056 болып тіркелген, 2019 жылғы 19 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ